



19 мамыр, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті.

Қырғызстан Президенті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты туған күнімен құттықтап, оған зор денсаулық және Қазақстан халқының игілігі жолындағы аса жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Әңгімелесу барысында қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігінің даму перспективалары талқыланды. Осы ретте Қазақстан Президентінің Қырғызстанға жоспарланған ресми сапарына ерекше назар аударылды.

Президенттер алдағы уақытта өтетін жоғары деңгейдегі келіссөздердің екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

АЛМАТЫ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Алматының биылғы қантар-сәуір айларындағы экономикалық жағдайы туралы есеп берілді. Осы кезеңде қысқа мерзімді экономикалық индикатор 107,6 пайызға дейін көтерілген. Негізгі капиталға салынған инвестицияның өсімі 21,3 пайызға жеткен. Қантар оқиғасынан кейінгі қала экономикасының өсу қарқыны екінші жартыжылдықтың басында толық қалпына келеді деп болжанып отыр.

Президентке Алматының 2030 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын басымдықтар ұсынылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шаралары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, маусым аралығында ерте пісетін көкөністер жеткізіледі. Ал тұрақтандыру қоры 11-ден 15 миллиард теңгеге дейін көбейген.

Мемлекет басшысына зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерінің шығынын өтеу жөнінде берген тапсырмаларының орындалу барысы баяндалды. Бүгінге дейін құны 13,9 миллиард теңге болатын 1556 өтініш мақұлданған. Зардап шеккен ШОБ субъектілерінің 97 пайызы қантар оқиғасынан кейін жұмысына қайта кіріскен.

Президент жекеменшік инвестицияларды тарту үшін Алматының индустриалды аймағын кеңейту жөніндегі жоспармен танысты.

Ерболат Досаев Қасым-Жомарт Тоқаевтың қалада құрылыстың тығыз болуына жол бермеу және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөнінде берген тапсырмасының орындалу барысы туралы айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысына Алматыдағы нөсер жауынға арналған кәріз жүйесін жаңғыртудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының негізгі ережелері таныстырылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар нақты тапсырма берді.

akorda.kz

● «ОТАН - АНА»

ЖАРҚ ЕТКЕН ҒҰМЫР – ЖАҢҒЫРҒАН ӘН

Сыр елінде талантты әнші, композитор, әлемге әйгілі музыкант, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Шөкеновтің 60 жылдығына арналған «Отан-Ана» атты республикалық әншілер конкурсы өтті.

Ән байқауын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ашып, Сыр еліне арнайы келген қонақтарға, конкурсы қатысушыларына сәттілік тіледі.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

– Топырағында талай дарын түлеген, Сыр елі – жыр елінде Қазақстанда ғана емес, шет елдерді мойындатқан тума таланттар аз болмаған.

Батырхан Камалұлы – отандық және ресейлік эстрадада қатар танылған біртуар талант, әнші, музыкант. Қазіргі қазақ эстрадасын халықаралық деңгейге шығарған биік өнер иесі, бірегей жұлдыз. Ол өркениетті елдің әуенін ұлттық бояуымен көркемдей білген дарын, шын мәнінде халықтың сүйіктісі болды. Батырхан Камалұлының алғашқы ән жинағы «Отан-Ана» деп аталған. Бұл кездейсоқ атау емес, әнші сырт жерде өнері үшін жүргенмен, өз Отанының перзенті екенін ешқашан естен шығарған жоқ.

Бүгінгі күні Қызылорда қаласында Батырхан Шөкенов атында саябақ



аталып, ескерткіші орнатылды. Әншінің туған күнінде жастар әндерін шырқап, сағынышпен еске алады. Сондай-ақ, «Отан-Ана» республикалық әншілер конкурсы да көктемде туған жеріне сағынышпен келген жыл құсындай барша өнерсүйер қауымды әдемі әсерге бөлейді. Талантқа көрсетілер

құрмет оның мерейтойы аясында ғана атқарылып қоймайды. Алдағы уақытта Б.Шөкенов шығармаларын орындаушылар конкурсы, джаз айтушылар және саксофоншылар сайысы секілді түрлі мәдени іс-шаралармен толығымен болады. Жарқ етіп өткен жұлдыздың ән-ғұмыры елі барда ешқашан үзілмек емес, – деді облыс

2-бет

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі сұрақ: «Қаншадан жинаймыз?»

Жыл сайын осы мезгіл туғанда ақша жинау мәселесі қоғамды жік-жікке бөліп, бір шулап басыламыз. Иә, ақша жинау... Жылда осы... Балабақшаны, бастауыш сыныпты, мектепті, яғни 9-11 сыныптарды бітірушілердің бір-бірін жыға танымайтын ата-аналары бір чатта отырып, бар мәселені талқылап жатқанына күмәніңіз болмасын. Талқыға түскен мәселелердің түбінде барын тірелетін бір ғана шешімі бар, ол – ақша жинау!

Сб Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

БҰЙРЫҚ НЕ ДЕЙДІ?

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте «Соңғы қоңырау» мерекесі 25 мамыр, «Аттестат тапсыру» рәсімі 16-17 маусым күндері өткізілетіні айтылды. Мектеп бітіру кештерін ұйымшылдықпен өткізу, бітірушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, құқық бұзушылықты болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін басқарманың бұйрығы шыққан. Ол білім беру ұйымдарына жолданған.



6-бет

● ТАРИХ ЖӘНЕ ТАНЫМ



Азаттық тарихының Сырдағы сипаты

«Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында Кенесары Қасымұлының 220 жылдығы, Бұқарбай батыр Естекбайұлының 210 жылдығына орай «Азаттық жолы» атты музейлік тарихи-танымдық телеэкспедициялық жоба ұйымдастырылды.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Тарихи-танымдық телеэкспедицияның алғашқы нысанасы – Сырдария ауданының аумағында орналасқан Қожжан қожа кесенесі. Бұл – XVIII ғасырдың аяғында салынған, мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қамқорлығына алынған нысан. Кесенеге қойылған тақтадағы жазуға зер салсақ, мұнда сол XVIII ғасырда өмір сүрген Мәдіқожа (Дуана) балалары

Қожжан қожа, Қылыш, Пірзада және Қожжан қожаұлы Полат жатыр. Сондай-ақ, кезінде Абылайханның оң қолы болып, туын ұстаған Сейіт батыр да осы жерден мәңгілік қоныс тапқан.

Бізді қызықтырған тағы бір дерек, Қожжан қожа кесенесінің қасында орналасқан Сүнбейбі ана кесенесінде Кенесары ханның анасы жатыр екен.

4-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман
2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.



● АПЫРАЙ-Ә!

Иесіз ит қаптап барады

Биыл қаңғыбас итерді аулауға байланысты жаңа заң қабылданды. Бұрынғыдай емес, енді оларды атуда рұқсат жоқ. Осыған қатысты көптеген проблема туындап отыр. Алдымен адам қауіпсіздігі. Екіншіден, иесіз иттің инфекциялық аурулар тасымалдауы да ғажап емес. Ендігі амал не? Шын мәнінде, қабылданған өзгерістер көпшілікті алаңдатып қойғаны рас.

Сб Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

6-бет





Қайраткер есімі ұлықталды



№9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатында мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухамановты еске алу іс-шарасы өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, медицина саласының құрметті ардагері Тұрғанбай Маханов, Сейілбек Шаухамановтың жұбайы Жұпаркүл Сматова мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы Сейілбек Шаухаманұлының дара еңбек жолы мен өңір дамуына қосқан елеулі үлесін атап өтіп, тау тұлғаның аты халық жадында мәңгілік жаңғыратынын жеткізді.

– «Тау алыстаған сайын биіктейді» деген тағылымы мол тәмсіл бар. Бар өмірін Сыр бойының өркендеуіне арнап, әділеттіліктің, адалдық пен туралықтың, кемелдіктің, кеменгерліктің үлгісін көрсеткен үлкен парасат иесі – Сейілбек Шаухаманұлы. Ол - туған жері Сыр өңірінің дамуы, гүлденіп, көркеюі үшін барын салды. Сейілбек ағамыздың елге сіңірген қажырлы еңбегін, еселі қызметін көріп, қалың Сыр жұртшылығы «Шаршамайтын Шаухаманов» атап кеткен еді. Бұл – халықтың берген шынайы бағасы. Ұлт жанашыры, Сырдың абыз асақалы атанған Сейілбек Шаухамановтың рухына кандай құрмет көрсетсек те бәрі жарасымды, – деді облыс әкімі.

Қайраткердің үзеңгілес жолдасы болған медицина саласының құрметті ардагері Тұрғанбай Маханов пен Сейілбек Шаухаманұлының жұбайы Жұпаркүл Сматова оның жоғары адами қасиеттері мен өнегелі өмірінен естеліктер айтты.

Сыр жұртшылығы атынан мемлекет және қоғам қайраткерінің ескерткіш-мүсініне облыс әкімінің тағзым гүлі қойылды. Іс-шара соңында жиналған жұрт ардақты азаматтың еңбек жолы мен өмірлік ұстанымын дәріптейтін тарихи қоғамдық музей жұмысымен танысты. Музейде ардагердің жеке құжаттары мен жазбалары, жинақ ретінде шығарған кітаптары мен өзге де құнды жәдігерлер сақтаулы тұр.

«СБ» ақпарат

Жалпыұлттық референдум өткізу мәселесі таразыланды

Осы аптаның сейсенбісінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Айбек Паяев Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушылар және студенттермен жүздесті. Кездесу барысында ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша жалпыұлттық референдум өткізу мәселесі жан-жақты таразыланды.

Жұртшылық алдында депутат еліміздің басты құжатына өзгертулер мен толықтыру енгізуге байланысты ой-пікірін білдірді. Мұндай жанашылдық мемлекет басқарудың жаңа үлгісіне жол ашады. Елдегі саяси ахуалға зор мүмкіндік жасайды. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі.

– Бұл өзгерістің еліміз үшін маңызы ерекше болмақ. Атап өтерлігі, Конституциялық референдум мемлекеттік модельді кеңейтуде өзгертуге жол ашады. Оны Әділетті Қазақстан ұстанымының негізгі бастамасы ретінде қарастыруға толық негіз бар. Осы арқылы алдағы уақытта Парламент, мәслихат секілді биліктің өкілді тармағын күшейтеді. Жанартылған Заң аясында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекітуі – елдегі саяси партиялардың тең дәрежеде

бәсекеге түсуіне оң ықпалын тигізеді. Бұл демократиялық үдерісті жоғарылатады, – деді А.Паяев.

Осылайша халық мемлекеттің ісін барлық өлшем бойынша өзі айқындайды. Осы мақсатта өткізгелі отырған референдум оған толықтай мүмкіндік жасайды. Қазірге дейін Конституцияға бірнеше мәрте өзгеріс енгізілген еді. Дегенмен олардың барлығы Парламент арқылы шешілді. Енді үлкен өзгерістерге сәйкес референдум өткізу маңыздылығы туындады. Атап өтерлігі, еліміз үшін басты заңның 33 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Яғни, ол үштен бір бөлігін құрайды. Бастысы, «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен мықты парламентке сүйенетін президенттік басқару үлгісі енгізілгені отыр.

Мәжіліс депутаты «Электр желілерін тарату компаниясы» АҚ-да да кездесу өткізді.

Жастар ресурстық орталығында облыстық қоғамдық штаб мүшелері Назира Аймаханова мен Мамыр Байдәулетов «Жасыл ел» еңбек жасағының өкілдерімен, белсенді жастармен кездесті. Басқосудың мақсаты – референдум жайлы түсіндіру.

Жастар белсенді қатысады

Штаб мүшелері референдумның маңығынасын ашып айтты. Саяси шараға жастар қалай қатысады, ол кандай өзгеріс әкелетіні кеңінен сөз болды.

– Референдум – халықтың нақты бір мәселеге байланысты пікірі, көзқарасы, таңдауы. Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғашқы конституциялық өзгеріс бойынша референдум 1995 жылы өтіп, халық бірауыздан Ата Заңды қабылдады. Уақыт алға жылжып, қоғам талабы өзгерген соң заң да өзгерісті талап етуде. Белсенді пікір білдіру – әрбір азаматтың борышы. Себебі бұл – бүгінгі Қазақстанның ғана емес, келешек ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін маңызды сөз, – деді М.Байдәулетов.

«Сайлауға барып, депутаттарға дауыс бергендей, заңға енетін өзгерістерді таңдаймыз ба?» деген сауалға Назира Аймаханова жауап берді.

«СБ» ақпарат

– Әрине, сайлаудағыдай таңдау жасаймыз. Бұл жолы өз құқықтарымыз бен бостандықтарымызды ойлап, белгілеуіміз қажет. Мемлекет болашағы үшін конституциялық референдумның маңызы ерекше. Ол тұтас мемлекеттің жарқын келешегінің іргетасын қалайды. Қоғамда күрмеуі шешілмей жатқан өзекті мәселелер көп. Оның орындалуына сіздер де атсалыса аласыздар. Ол үшін саяси науқанға белсенді қатысу керек. Ата Заңға сәйкес елімізде барлық азаматы үшін тең мүмкіндіктер қажет. Кейін неге өз пікірмізді білдірмедің дегенше, 5 маусымда өтетін референдумға қатысуға шақырамын, – деді Н.Аймаханова.

Қатысушылар өз сауалдарын қойып, жауап алды. Жастар бірауыздан саяси шараға қатысатындарын айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында ұсынған саяси жаңғырту туралы ауқымды бағдарламасы қоғамда жан-жақты талқыланып, көпшіліктің қолдауына ие болуда.

Референдум – өзгерістерге бастайтын маңызды қадам

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді құрылымдық тұрғыдан жаңарту және ол жұртшылықтың сұранысына сәйкес келді. Өз кезегінде азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысу кең мүмкіндік берілгенін қажет деп санайды. Осының барлығын ескере келе, Президент конституциялық реформа жасау жөнінде шешім қабылдап, ел тағдыры үшін айрықша мәні мен маңызы бар референдум өткізу туралы бастама көтерді. Әрине, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуы тиіс. Тарихқа көз жүгіртсек, алғашқы конституциялық өзгеріс бойынша референдум осыдан 27 жыл бұрын өткізіліп, онда қазіргі Ата Заңымыз қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформалар Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімнің бүкіл халық болып қабылдануы – маңызды.

Осы орайда Мемлекет басшысының Жаңа Қазақстан құру бағытын қолдаушы саяси күш ретінде «AMANAT» партиясы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумды қолдап, өз Үндеуін жасады. Маңызды бастаманы халыққа кеңінен насихаттап, оны талқылау мен түсіндіру мақсатында партия жанынан республикалық және өңірлік деңгейлерде құрамында ҚР Парламенті депутаттары, мәслихат хатшылары, мәслихаттардағы партия фракциясы мүшелері мен қоғам белсенділері, зиялы қауым өкілдері мен партия белсенділері және партияның жастар қанаты өкілдері мен жастастары бар арнайы штабтар құрылды. Аталған міндеттерді іске асыру үшін біздің аймақта да 1 облыстық, 1 қалалық және 7 аудандық партия филиалдары жанынан арнайы штабтар жұмысын бастады. Қазіргі кезде штаб мүшелерімен облыс бойынша кең көлемде қажетті ақпараттық жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы Конституцияға енгізілетін өзгерістер Мемлекет басшысының бұған дейінгі жаңа реформалар топтамасының заңды жалғасы іспеттес. Себебі бұрынғы жылдары да Президентпен бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру тәртібін өзгерту, сайлауда партиялық тізімдерге әйелдер мен жастар үшін 30% квота енгізу, 2021 жылдан бастап, ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу, сайлау бюллетендерінде «барлығына қарсы» бағанын енгізу, ауыл әкімдерінің сайлауын өткізгеннен кейін алдағы жылдары аудан әкімдерінің сайлануы секілді көптеген заман сұранысына сай жаңа бастамалар көтеріліп, олар кезек-кезеңімен нәтижелі түрде жүзеге асырылып келеді. Сондықтан конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам баса отырып, негізгі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі де жоғарыда аталған жүйелі жұмыстың жемісі болып есептеледі. Осы орайда Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың негізгісін атап өтсек, түзетулер бірінші кезекте «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті мен есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді. Соның ішінде биліктің өкілді тармағы айтарлықтай күшейтіліп, үйлесімді және теңгерімді жүйені ғайыталады. Мәслихаттардың ықпалы артады. Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделінің енгізілуі сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аудандық және қалалық мәслихат депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігін азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Мұнан бөлек, Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады.

Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша да маңызды өзгерістер енгізіліп, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата Заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жоюылады. Мұның барлығы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып отырған игі істер және бұл ел дамуының жаңа бағытын айқындайтын өзгерістердің бір бөлігі ғана.

Мемлекет басшысы ұсынған реформа – Қазақстанның стратегиялық болашағын айқындайтын бастама. Біз ашық, өркендеген, заң үстемдік ететін, теңдік орнаған қоғам құруды көздеп отырымыз. Президент пен халықтың мақсаты – ортақ, көздегені – бір. Сол себепті референдумға қатысу – барлығымызға маңызды міндет. Осыған орай жерлестеріміз 5 маусым күні референдумға белсенді қатысып, ел тағдырын айқындауда дұрыс таңдау жасайды деп сенім білдіремін.

Ләйла ТӨРЕШОВА,
«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының Атқарушы хатшысы

Татысырыс беруші: «АБАС» ЖҚ

ЖАРҚ ЕТКЕН ҒҰМЫР – ЖАҢҒЫРҒАН ӘН

«Отан - Ана» атты республикалық әншілер конкурсына еліміздің әр аймағынан 20 үміткер қатысып, бақ сынады. Конкурс шарты бойынша олар бірінші кезеңде Батырхан Шөкеновтің репертуарындағы әндерді «Saz & Soul» бэндінің сүйемелдеуімен орындаса, екінші кезеңде өз таңдауымен отандық және шетелдік композиторлардың әндерін шырқады.

Нәтижесінде, бас жүлдені қызылордалық Ақбота Құснадин жөніп алды. І орынды алматылық Алмагүл Батталиева, II орынды Нұр-Сұлтаннан келген Айдын Жұмабаев иеленді. Жүлделі III орынды Аяғөз Аралбайқызы, Азамат Бекбергенов, Жанасыл Елубаев, Айдана Риза өзара бөлісті.

Конкурс жеңімпаздарын облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов құттықтап, әлемді мойындатқан Б.Шөкеновтей бірегей талант иесінің жолын жалғаған жас әншілерге Сыр халқының атынан ыстық ықыласын білдірді.

Айта кетейік, конкурсы қатысушыларының өнерін композитор, музыкант, оранжировщик, халықаралық конкурстардың лауреаты



(қазылар алқасының төрағасы) Ринат Гайсин, әнші, композитор, Мәдениет саласының үздігі Қайрат Баскенов, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәдина Сәдуақасова, Динара Каирова және композитор Сәбит Ұлықпанұлы бағалады.

Әнші Б.Шөкеновтің 60 жылдығына арналған іс-шара екі күнге

ұласты. Айталық, 18 мамыр – Батырхан Шөкеновтің туған күнінде өңірдің зиялы қауымы, өнер өкілдері қала орталығындағы әнші атындағы саябақта орналасқан ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Ал, жас әншілер талант иесіне тағзым ретінде оның әндерін шырқады.

Жиынға қатысқан облыстық

мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов қасиетті Сыр өңірінде дүниеге келіп, өнер жолындағы өзгеше дарынымен әлемге танылған талантты әншінің тағылымды өмірінен естелік айтты. Жасындай жәрік еткен қысқа ғана ғұмырында туған халқының, жалпы өнерсүйер қауымның жүрегінде өшпестей із қалдырған өнер иесінің болмысын биік бағалады.

Батырхан Шөкенов қаладағы №233 орта мектептің түлегі. Жастайынан музыкаға жаны құмар ол, мектеп қабырғасында жүргенде Оқушылар сарайындағы «Балдырған» балалар ансамблінің мүшесі болды. Мектеп бітірген соң Ленинградтағы Н.Крупская атындағы Мәдениет институтына оқуға түсті. Оқу орнының саксофондық, оркестрлік бөлімінде әлемге белгілі музыканттардан білім алды. Ал 1981 жылы Алматыдағы, қазіргі Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясына ауысады.

1982 жылы «Арай» тобында саксофоншы болса, 1987 жылы «Алма-Ата» деген атаумен музыкалық топ құрады. Жеке шығармашылық топтың аты кейіннен «А-студио» болып өзгерді. Ал, 1989 жылы «А-Студио» тобы «Джулия» деп аталатын өзінің алғашқы бүкілодақтық хит

туындысын таныстырып, Ресейдің эстрада жұлдызы Алла Пугачеваның ән театрына шақырту алады. Осылайша «Рождественские встречи» ән кешіне қатысқаннан кейін «А-Студио» тобының атағы әлемге танылды.

Әнші 2002 жылы «Отан-Ана» атты алғашқы ән-жинағын қазақ тілінде шығарды. Бұл – өнер иесінің Отанына деген сондай-ақ, талантты аймақты еді. Терендік, талантты музыка 2009 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы алғашқы Ұлттық елшісі деп танылды.

Әкесі Камал баласына «Артист болсаң ең бірінші болуың керек, жәй артист болғаның керек емес» деп өмірлік сабақ берген екен. Осынау әке сөзін тұмар етіп тағынған әнші өнер жолында тек үздік болуға ұмтылды. Әлбетте, арманына жетті.

Батырхан Шөкеновтің шығармашылығын насихаттауға арналған іс-шаралар орталық алаңда өткен гала концертпен жалғасты. Концертте Рүстем Нұржігіт, Мәдина Сәдуақасова сияқты танымал әншілер және «Отан-Ана» әншілер конкурсының жеңімпаздары өнер көрсетіп, көпшілікке керемет көңіл-күй сыйлады.

«БОЛАР ЕЛДІҢ БАЛАСЫ...»

(ой-санар)



Қалам жасаған Қуаныш Оразбаев

Саясат дегеніңіз – құбылған күндей дүние ғой... ауаның аңғармай, райын бақпай, рабайсыз аралассаныз, жігін, тілін, жүгін түсіңбесеңіз, жарқабақтан асырып жібереді. Жалғыз жығылып, жамбасыңызды сипап жатсаңыз ештеңе етпес, «жер көтереді», бірақ сіздің бітеулей айтқан бірауыз сөзіңіз қоғамдық ортаның оқшау бөлігін от тигендей ұйтқытып, мағынасы мәлімсіздеу көңіл-күйге жетелесе ме? Асылы, талайdan тезге түскен, сөзге піскен Қазақсты аяу керек, егер оны сүйсеңіз!

Кадр саясаты – Үлкен саясаттың бастауы. Оны тәпсірлеп, таратып, тергеп, терлемей-ақ қояйын. Бәріміз білеміз. «Азаматына қарап, ауылын таны» деген бұрынғылар. «Кадры бар елдің – кадры бар» дейтін шығар бүгінгілер. Жалпы, кадрларды таңдау, орайына қарай орнықтыру – әкімдер үшін үлкен сын. Менің аяулы інім Бауыржан Омарұлының «жақсылы-жаманды, жинап алдым команда» деп әзілдеген уақыты уыстан шығып кетті. Су қолда тұрушы ма еді? Академик бауырым да сол сөзді бір гәппен сыздықтатты-ау, сірә.

Жаңа жолдың (жылдың емес) қаңтардан басталатыны рас екен: жүйе жаңғырды, ақиқат сөн құрды, сана сілкінді, қоғам бүлкінды, перде сырылды, билік бұрылды... мүмкін, сәл ертеректеу қуанатын шығармыз, алайда, үміт пен сенім уақытпен санаспайды! Сондықтан біздің үмітіміз бен сенімімізді ақтау үшін мықты, мығым, жұғымды, шығымды, көсібі сауатты, ісіне жауапты, ұз-ызын үстел ұшында керіліп отырмайтын, бұқараның аманат-тілегін беріліп орындайтын, басқарудың жаңа қағидастарын ұстанған кадрлар қажет!

Соншалықты ындының кеуіп тұрмаса да, анда-санда әлеуметтік желіге көзімің қияғын салып қоятынған бар.

– Патшаға да, пақырға да ыңғайлы.

Ғалам мынау: – гаджеттерге үніліп,

Гаремдердің әңгімесін тыңдайды, – деп, жапонның хайку калыбымен ұстанымымды білдірсем де, қым-қиғаш, қонымды-қонымсыз жазбалардың жұртынан жылтыраған бірдеңе тауып алам ба деген дөмегөйлік. Фейсбуктың фонтаны шанышылып, атқылап, кадр саясатын көздеп тұр! Жоғарғы жақты қойшы, жергілікті ауыс-түйістер, тағайындаулар, бағы жанған бастықтардың биографиялық-жағырапиялық тегін түгендеу, т.с.с. ауан сарында пікірлер, қозғалыстар, шындайды бар, қылтығы бар әңгімелер қайшылыспай соққанда, жаңың арып, өткірдің жүзінен аман-сау ауып түскеніне тәубе дейсін. «Басты тақырыпқа» басқозға қарамай кіріп кеткеніме тап осы қазір өкініп отырмын! Кірдік екен, қипақтап-қипақтап, шығып кетпей, біреуге ұнар, біреуге ұнамас, бір-екі ауыз сөзімізді айтайық. Ағалық атымызға ұят...

Бірінші, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев – мемлекеттік қызметтің, басқарудың түрлі баспалдақтарында шыңдалған, оқығаны мен тоқығаны тоғысқан, іскер де ілкімді, ұйымдастырушылық әбділдігі «тас қайнатқан», алымды азамат. Көзіміздің ауласында өсті, өрістенді. Қаланы ірісінен баспай сегіз жыл басқарғанда, кім екенін білдік қой деймін.

– Күнім жоқ өзің үшін қан қызбаған,

Қызылорда – маңдайдағы жалғыз қалам! – деп, күн тұрып, түн түріп шауып жүрді! Істің оясын тауып жүрді. Алып-қосарыңыз бар ма? Жоқ! Әрі қарай кеттік. Былтыр әкімдік қызметтегі мерзімді уақыты (бір орындағы) бітіп, астанаға,

Үкіметке ауысқанда, жөн-жоралғымен шығарып салып, тілек қосқанбыз. Оң болсын! Сонда жол-жөнекей өзім куә болған бір жағдаятты айта кетейін, құрметті достар!

Былтыр, қала активімен жылы-жұмсақ шырайласқан соң, Нұрлыбек Машбекұлы кешкілік Қызылорданың өңбойын аралап, жыл-он екі айдың тұтас тәулігінде қаланың қойны-қонышын тазалап, шыр-шырғасын қағып, етек-жеңін жайнатып жүрген «кызғылт желеңді» жұмысшылармен жүздесті. Әрқайсысының қолын алып, жылы сөздерін арнап, шын жүректен алғысын айтты. Құдай тоба, көзімізбен көрмесек те, баяғыда қаланы ертеден-кешке дейін жаяу аралайтын Алисовтың жанкештілігін үлкендерден естуші едік, мынау бір көңіл толықтар мезет болды-ау!

Сол Нұрлыбек, міне, аймақ басшысы ретінде кадрларды сұрыптап, басқару сөрелеріне қатарластырып қоя бастады. Облыс активімен кездесуінде: «Кадр саясаты қоғамның қызу талқылайтын тақырыптарының бірі екені жасырын емес. Біз осы әрекетіміз арқылы ел арасында басы артық әңгіме тудыруды көздемейміз. Мақсатымыз – ел игілігі, халықтың қамы үшін барын салып жұмыс істейтін азаматтарды ортақ мүддеге жұмылдыру, өңірдің әлеуетін арттыру» деген болатын.

Шынында да солай болып шықты. Ол Самарқаннан сарт, Марғұланның мәрт алдырған жоқ. Осы елдің қазанында қайнаған, жұрттың жайын ойлаған, басқару жүйесінің өлшеміне бойлаған, жазда арбасын, қыста шанасын сайлаған азаматтарды, сондай-ақ, сырт өңірлерде қызмет істеген жерлестерімізді шақырып, «орындарын тауып беріп» жатыр.

Әлкисса, Қаратаудың баурайына, Жанақорған ауданына Мұрат Тілеуімбетов әкім болып барды. Жау қайда, кешіріңіз, жұмыс қайда деп басымен алысқан жігіт. Іскер, қызу қанды. Асып-тегілген идеяларынан қарызға сұрап алуға болады. Ол аз десеніз, облыстық деңгейдегі бірнеше басқармаларды кермешедей сүзіп шыққан. Балықшы ауылдың баласы ғой. Әкімдік тәжірибесі ме?... Қала әкімінің орынбасары ретінде құрылыс, өндірістік, т.б. салаларға жетекшілік жасаған.

Шиеліден әзір ши шыққан жоқ. Бұрынғы прокурор пәрменді жұмыс істеуі керек енді... Аймақ басшысы өңірлерді аралап жүргенінде, бірқатар аудан басшыларын әзір орындарынан қозғайтынның, олардың

жұмысын жарты жылдың мөлшерімен бағалайтынын қадап айтқан. Қазіргі тілмен айтқанда, Шиеліден бөлек, Қазалы, Арал аудандарының әкімдеріне қарт-бланш берілді. Қос тізгінді көлденең тістеп, қамшы басатын кез.

Жалағаштан жалы жығылмай, ата дәстүрдің жолынан бұрылмай, алдынан тосқан ауыртпалықтан ығынбай Шәменов жетті шаһардың төріне! Асылбек Өмірбекұлы. Әкесі Өмірбек өңірдегі біраз қызметтің қырманын суырган, Жалағаш ауданын басқарған. Биязы, байытты, өте мәдениетті. Қарапайымдылығынан қырық кісі жолында жығылып жатқандай. А.Шәменов кезінде қала әкімінің орынбасары болып, ең күрделі салаларға жетекшілік жасап, жинақтаған мол тәжірибесі бар.

Ал енді Ұлы Судың екі сүзін ернеулей қоныстанған Сырдария ауданына қарай тізгін қағайық. Бұл – бір, қонысы жайлы, қазаны майлы, сайманы сайлы кенен жұрт. Қырық рудан құралса да, «у ішіп» жатқан жолында жығылып жатқандай.

А.Шәменов кезінде қала әкімінің орынбасары болып, ең күрделі салаларға жетекшілік жасап, жинақтаған мол тәжірибесі бар. Ал енді Ұлы Судың екі сүзін ернеулей қоныстанған Сырдария ауданына қарай тізгін қағайық. Бұл – бір, қонысы жайлы, қазаны майлы, сайманы сайлы кенен жұрт. Қырық рудан құралса да, «у ішіп» жатқан жолында жығылып жатқандай. А.Шәменов кезінде қала әкімінің орынбасары болып, ең күрделі салаларға жетекшілік жасап, жинақтаған мол тәжірибесі бар.

Әкесінің әдібінен айнымаса, ауыс-түйіс талқысына түскен күннің өзінде әрі қарай әуірлеп әуелетіпін шығар? Теренөзектен шыға бере шамдағай бойлы, шымыр жігіттің қарасын көзіміз шалды. Әкімнің орынтағы адамды үлкейтіп көрсетеді-ау, сірә? Шырақай шапқан Шәменовтің шаңы басылмай-ақ, ерге Есжанов қона кетті. Кіндік қаны тамған жер, өрісі кең, орманды ел. Қайдан келдің, неге келдің деп оқышпайы қарайтын пенде табылмас, су жаңа әкімнің өмірбаянын жерлестері жақсы біледі: облыс әкімдігі аппаратының жауапты қызметкері, қалалық білім, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, қалалық мәслихат аппаратының жетекшісі, қала әкімінің

орынбасары, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы қызметтерін атқарған. Пысық, іс барысында өктем де, «өктем» де бола алады. Менің білетінім, әжептәуір ақындығы бар. Ол ең жазған адамды қай уақытта алдығы мен намысы жеңіп тұрады. Тағы да аңғарғаным, Асқарды, «атқа мінгенің – ажалға мінгенің» деп қорқытпа алмайсың, ол бәрібір, атқа мінгенің – абыройға мінгенің деп түсінеді. Жалағашты «алып» кететіні көміл.

Бұрнағы аптада аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевпен Қармақшы ауданында бірге болдық. Шаруа жайын шамалаған соң, әкім мәдениет үйінде активпен кездесіп, жалындаып сөз сөйледі, қалыңдатып ой қозғайды.

– Біраз жағдаятқа қанықтым, зәруліктер жеткілікті. Бірақ өзім де, Әділбек Бөрібайұлы да жаңадан тағайындалғандықтан, бүгін өздеріңіз білетін өзекті мәселелерді басып айтуға қысылып отырмын. Қанаттасып жұмыс істейміз. Әкімдеріңіздің қызметін алты айдың ауқымымен бағалайтын боламыз, – деді.

Облыстық деңгейдегі бірнеше саланы шылбырынан ұстаған, арасында Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары болып үлгерген, туған жеріне облыс әкімі аппараты жетекшісінің орынбасары лауазымынан келген Әділбек Ерұлтанов Нұрлыбек Машбекұлының «балаланды күзде санаймыз» деген ләмін түсінбеді дейсіз бе, түсінді. Жыл сайын күріштен Қап тауын орнатқан өңірде әлі бір... «Ахиллестің өкшесіндей» болып, кәсіпкерліктің кежесі кейін тартып тұрғаны болмаса... Тәуекел, қала көрген аты бар, бір иласы табылар!

Ой-сапарларымыздың орамында батыстың екі әкімінің есім-сойын ұшқындатып атап өткенбіз. Енді ұлпадай елеп, екшеп көрейік.

Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев Ұлы теңіздің тумасы, Аралдағы көркемі қызметтің бірнамасына сағылап көтерілген. Инфрақұрылымдардың тетіктерін ғана емес, әлеуметтің де көңіл күйін тамыршайдай таниды: үндесті, үйлесті. Кезінде Аралға тағайындалып келген талай әкімдердің қайсысымен болса да ынтымақтасып, ынтысымен еңбек етті. Тапсырмаларды тиянақтап орындай жүріп, өзінің толысқанын сезді. Өзі ғана емес, оны жоғары жақтағылар да сезіпті. Сәтін салып, қаласы бар ауданға әкім болып, бірнеше жылдың жүзін аудара бергенде...

тағы да қаласы бар Қазалының қазығына ат байлады. Ұсынақты, ұстамды. Ешкімнің бетіне жел боп тигісі келмейтін ұяң мінезді азамат. Шатыраштың тасындай қағыстырып, кадр ауыстыра беруді қаламайды. Командалық есепке жүгінеді. Енді жана Қазақстанның жаңаруы жолында жанын торсықа құйып жұмыс істеуі керек!

Телегей теңіздің сағасындағы кемедің қоныстың босағасын баққан Серік Сермағамбетов «көлденен көк атты» емес. «Елуден асқан шағымда еліме қызмет етуге мүмкіндік берілгеніне қуанамын, – деген бізбен кездескенде. – Қазалы топырағында дүниеге келсем де, Арал – қара жұртым, абыройды осы жерден алып кетсем, тілегімнің оңғарылғаны... Ұлы судың ұлтанын қадамдап өлшеген Серіктің өмірбаянында оқиғалардағы үлкенді-кішілі қызметтердің ізі сайрап жатыр. Әкімдік дебютін Жалағашта бастаған. Кезінде жұмылдыру басқармасына жетекшілік еткен. Кәсіподақтардың облыстық кеңесінің төрінде отырған. Басқару саласындағы тәжірибесі мол. Арал ауданындағы кезекті сапарында аймақ басшысы талаптар «планкасын» жоғары көтеріп кетті. Серіппедей серіпін керек Серікке!

Қой, көктемнің қара жаңбырының астында қалмай, Қызылордаға жетіп алайық...

Мұнда бәрі тыныш. Аймақ басшысының орынбасарлары орнында отыр. Соңғы тағайындалған Жайымбетовтен кейінгі жаңалық: облыс әкімінің аппарат басшысы қызметіне Шаһмардан Байманов білегін сыбағып кірісіп кетті. «Жас келсе, іске» деген. Нұрлыбек Машбекұлы кезінде жауапты жұмыстар істеген, қала әкімінің орынбасары болған Асқарұлын дұрыс таңдапты. Ебіннің желіндей есіп қимылдайтын Шаһмардан қайбір жылы арманын алдына салып, астанаға кетіп еді, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің комитет төрағасы деңгейіне дейін көтерілді. Вице-министрге сүйем қарыс жақын қызмет. Қалай көнді екен? Шамамы, еліме еңбегімді сіңірген деген ерен тілектің жетегінде жеткен-ау. Аузыбір, аласы жоқ, тұтас команданың намысын жыртықпағандықтан жетіспей...

Сәуірдің самаладай күндерінде онтайландыру шартымен бірнеше басқармалар кірігіп, етек-жеңі жинақталды. Қабағында аппараттағы кенесшілік институты да қысқарды. 24 басқармадан «жүп-жұмыр, тегіс болып айналасы» 16-сы қалды. Мәдениет пен спорт қосылды қос өзен секілденді. Әрине, олимпиаданың чемпионы болсаң да, бұл мекемені басқаруың қиын, өйткені, спорттың өзі мәдениеттен басталады. Мәдениеттің спортшы шығару қиын емес. Бірақ баяғыда керісінше жағдаяттар болып тұрған. Мәдениет министрі лауазымындағы бір ағамыз М.Әуезов атындағы әкемтеатр труппасының кезекті спектакльге дайындығын көріп: «Қалай, тренировка жақсы өтіп жатыр ма?» деген екен. Сонымен, облыстың мәдени-спорт шараларымен айналысуға Руслан Рүстемов бел байлапты. Жалпы, Рүстемов туралы быындап, біраз айтуға болар. Қаланың ішкі саясаты мен мәдени өмірін қадағалады. Шиелі ауданы, Қызылорда қаласы әкімдерінің орынбасары, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы. Жаңақорған ауданындағы әкімдік жолын облыс әкімі орынбасарының кабинетіне әкеп тіреді. Сосын Теренөзек кентіндегі бас кеңсеге қарай бет түзеді. Қалай десе де, Қаратаудың ақ самалы, аруақты өңірдің рухани рені кеуділі қозғап тұрады екен, шипалы жайға желдіртіп тағы жетті.

Әулиелер елі әуектеп қарсы алды: «өзіміздің баламыз». Сабырлы, салмақты. Сауысқаннан сак. Абайды көп оқыған: «ақырын жүріп, анық басады». Кейде Русланның аз уақыттың ішінде

ғарыштық жылдамдықпен самғап ұшқанына таңғаламыз да. Міне, «ат айналып, қазығын тапты».

Сонымен, ауыс-түйіс және оңтайландыру үдерісінде құрылыс, сәулет және қала құрылысы (Ерлан Төрәлиев), жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар (Ғабит Жаңабаев), энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (Айдос Дөрібаев), жолашылар көлігі және автомобиль жолдары (Пақуалин Шамұратов), кәсіпкерлік және өнеркәсіп (Мұса Қалдарбеков) басқармаларының басшылығына тағайындалған шенділердің біразы – Сыр бойының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген майталман мамандар. Араларында жыға танымайтын шекпенділердің болуы әбден мүмкін, бірақ жүре келе кімнің кім екенін жұрт жазбай танып алады. Облыс әкімі оларға жауапты қызметтерді аваны ретінде ұсынып отыр, сенім депозитін толықтыру – өз қолдарында.

Айтпақшы, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағалығын Нұржан Ахатов иеленді. Іске сәт! Қызылорда электр тарату компаниясы (КРЭК) басшылығына Батыржан Көмекбайұлы Қаракөзов келді. Көзіне оттай басылатын таныс тұлға! Қаланың, облыстың бірқатар жауапты орындарында жазыра жұмыс істеп, ауызға ілінген. Ғылым кандидаты. Соңғы қызметі – республикалық ядролық физика ғылыми-зерттеу институтының бас директоры.

Аймақтан қалыспай, шаһар да «шахмат тақтасының жүрістерін» жасап жатыр. Жанмұрат Сейілов, Ақзира Қасымова қала әкімінің орынбасарлары болып, ортақ мақсатқа орыласуда. Соңғысы жайлы созыңқырап айтқан жөн. Ұстаздықтан мектеп директоры, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, облыстық білім басқармасының басшысы лауазымдарына сатылап жеткен Ақзира қарындасымыздың мектепке дейінгі және мектеп ісін жандандыруға сіңірген еңбегі ересен. Білім саласының ішкі-тысын терең біледі. Заң мен тәртіптің құлы, сонысымен ірі. Басқару тәсілінде педагогикалық стильді сындарлы қолданады. Құдай қаласа, Қызылорданың әлеуметтік-рухани, мәдени өміріне өрелі өзгерістер енгізетін шығар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттің мүддесі бәріннен жоғары тұруы керек» деген мақаласында: «Бұл жерде лайықтыларды іздеу керек. Көшеден әкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа әкелуі, жүйені шатқаяктатып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық» деген болатын.

Сол өзгерістерге сай, Сыр өңірінде қала қоғамның жай-жапсарының тігісін жатқыза алатын, ой-өлшемі бұлтқа ұя салған, креативті, әрбір ісі әлеуметтің көңіл күйімен үйлесетін, басқару біліктілігі бекем азаматтардың таңдалуы үмітімізді үкілеп, сенімімізді шындағандай. Әрине, кадр тапшылығы еліміздің түпкір-түпкірінде қылаң беріп тұр. Бірақ барды бағалау – елдігіміздің үлгісі. Осы ретте тағайындау саясатын сан-саққа жүгіртіп, бестекі болжамды құбылтып, берекемізге сызат түсіретін әдеттен аулақ болғанымыз жөн. Әлтең жұрп үлгермеген жолдың ауыртпалығына алаңдамай, азаматтарымыздың қадамдарына сәттілік тілейік. «Болаер елдің баласы бірін-бірі батыр» деген. «Болмас елдің» баласы емес екеніміз айдан анық!

Шаһидада ӘБДІКӨРІМОВ,
облыстық мәслихат депутаты,
халықаралық «Түркі дүниесі ақындары» сыйлығының лауреаты

Аудан жаңалықтары

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда. Қала әкімі А. Шаменов Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті.

Тұрғындар көшелерді жөндеу, ауызсу қысымын күшейту, аяқсу айдауға насос орнату, пай үлескерлеріне тиесілі жерлерді қайтарып беру жөнінде сауалдарын жолдап, ұсыныстарын жеткізді. Қала әкімі қалаға қарасты елді мекендерге мемлекет тарапынан барынша қолдау жасалатынын, әрбір ұсыныстың ескеруіне қалмайтынын айтты.

«КӨКТЕМНІҢ» ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ

Арал. Аудан басшысы С. Сермағамбетов Сапақ ауылдық округіне қарасты «Көктем» елді мекенінде болып, жергілікті халықтың мәселелері мен талап-тілектерін тыңдады.

Көктемдіктер жергілікті жердегі шешімін табуы қажет ететін өзекті мәселелерді ортаға салды. Алдымен құндылікті тұрмысқа қажетті ауызсу мәселесі айтылды. Мұнан соң ауылдық округтегі медициналық бекет ғимаратының ескіргенін жеткізіп, жаңа бекет салып беруін сұрады. Жиын барысында аудан басшысы республикалық референдумның саяси маңызын түсіндірді.

ҚОЖАБАҚЫДА САЯБАҚ САЛЫНУДА

Қазалы. Қожабақы ауылында орталығы абаттандырылып, саябақ салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы атанған «Намыс құрылыс» ЖШС құрылыстары брусчатка төсеу, жаздық сахна салу, саябақ айналасын қоршау сияқты жұмыстарды атқаруда. Аудан әкімі М. Оразбаев ауылға арнайы барып, құрылыс жұмыстарын көрді. Әу ойларын айтып, бірқатар сын-ескерітпелер жасады, тиісті сала басшылары мен мердігер мекеменің директоры Ә. Өтеулиевке құрылыс жұмысын сапалы әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды.

ЖАҢА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Қармақшы. Аудан әкімі Ә. Ерұлтанов Ақжар ауылында болып, тұрғындармен жүздесті.

Ауыл халқымен кездесу барысында аудан басшысы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жұмыс жоспарымен бөлісті. Тұрғындар игілігіне жаңа дәрігерлік амбулатория салу және ауылшылқы көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті жобалық құжаттамалар дайындалып, салалық министрлікке өтінім жолданғанын айтты. Тұрғындар өз кезегінде көшелерді жөндеу, басқа да мәселелер бойынша сұрақтарын қойды.

МАМАН ДАЯРЛАУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Жалағаш. Аудан әкімі А. Есжанов Жалағаш индустриалды-аграрлы колледжінің жұмысымен танысты.

Колледж директоры Ф.Серікбаев оқу орнының ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау жұмыстарының барысы жайлы әңгімелесті. Сондай-ақ, жылыжай кешені, ауыл шаруашылығы техникаларының жай-күйі, оқу орнының қосалқы шаруашылығы жан-жақты таныстырылды.

АУДАНДЫҚ АУРУХАНА МҮМКІНДІГІН КЕҢЕЙТУДЕ

Сырдария. Аудандық аурухана дәрігерлерінің кәсіби шеберлігі туралы облыс көлемінде аз айтылып жүрген жоқ. Ақ халатты жандар талай науқасты аяғына тұрғызды.

Патологияның нақты орнын анықтау үшін науқастың денесін тексеруге мүмкіндік беретін «С-дуга» рентген аппаратын сатып алдық. Науқастар көбінесе артроз, артрит, қант диабетімен ауырады. Бұған дейін жоғары технологиялық ота қажет болған кезде, науқас облыс орталығына жіберілетін. Енді басқа аудандардан да тұрғындар келіп жатыр, – дейді хирургия бөлімінің меңгерушісі Дәурхан Тағыбергенов. Жыл басынан бері Сырдария аудандық ауруханасында 60-қа жуық ота жасалған.

РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МАҢЫЗЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жанақорған. Республика бойынша өткізілетін референдум төңірегіндегі сурақтарға жауап берілуде.

Оның маңызын түсіндіру үшін облыстық штаб мүшелері ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы облыс бойынша филиалының директоры Мұрат Әйтмов, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхамед Сыдықов ауданаралық аурухана қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында Конституцияның өзгеріс енгізілетін 33 бабын атап өтіп, өзгерістердің қалай болатынын түсіндірді.

ТАЛАП-ТІЛЕКТЕР ТЫҢДАЛДЫ

Шиелі. Аудан әкімі Нариман Мақұлбеков Сұлутөбе, Майлытоғай, Тартоғай және Қоғалы ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті.

Кездесуде әрбір ауылдың әлеуметтік мәселелері, яғни, газ, егін жайы, ауызсу, елді мекендерді абаттандыру жайы талқыланды. Аудан әкімі алдағы жылы «Мұстафа Шоқай» АГРС, яғни, автоматтандырылған газ реттеуші станциясын салу жоспарланғанын, нәтижесінде Сұлутөбе, Майлытоғай, Тартоғай, Бала би мен Бөйкек ауылдарына да газ тартыла бастайтынын жеткізді.

Дайындаған Айнұр БАТТАЛОВА



● СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

Өмір болмысы жылдам өзгеруде. Сол өзгеріске сай жана қажеттіліктер туындап жатыр. Біз қазір сот-медицина қызметі, медицина саласындағы заңгерлік қызметтің қажеттілігі туралы жиі айта бастадық. Қажеттілік неден туындап отыр? Осы және басқа да сауалдарға жауап алу үшін біз жоғары санатты тәжірибелі, тәуелсіз сот-медициналық сарапшы, білімді заңгер Рахымжан Жұбатырұлы Әліппен кездескен едік.

Медицина саласындағы заңгерлік қызмет

өмірлік қажеттілікке айналды



– Рахымжан Жұбатырұлы, алдымен сот-медицина сараптамасы, медицина саласында заңгерлік жұмыстармен айналысу қажеттігі неден туындап отырғанына тоқталсаңыз...

– Жасыннан әр нәрсеге қызығушылық танытуым өмірлік қажеттілікке айналды. 1980 жылы Ақтөбе медицина институтын бітіргеннен кейін осы сала бойынша облыстық сот-медицина бюросында интернатурадан өттім. Кейін Украинаның Харьков қаласында білімдімі жетілдірдім. Еңбек жолым Терең-өзек-Жалағаш ауданаралық сот-медицина сарапшысы қызметінен басталды. Аудандық ауруханада дәрігерлік жұмыстарды қатар атқардым. 1996-2003 жылдары Жамбыл облысында сот-медицина бөлімінің меңгерушісі, 2003 жылдан сот-медицина орталығы Қызылорда облыстық филиалы директоры болдым. Кейінгі жұмыстарым осы саламен байланысты болып, зейнетке шыққанға дейін басшылық қызметте болдым. Қызметте жүрген кезімде қосымша заңгерлік мамандықты меңгеріп, заңтану бакалавры мамандығын игердім.

Иә, өзіңіз айтқандай, қазір өмір жылдам өзгеруде. Жақсылықпен бірге келенсіз көріністер өріс алып баралды. Адам денсаулығына әдейі болмаса да біліксіздіктен залал келтіру, оның салдарынан қайғылы оқиғалардың болуы жиілеп кетті. Салада жұмыс істеу өте күрделі. Медициналық сараптама қызметін сауатты жүргізу үшін үлкен біліктілік керек. Жоғарыда айтқандай қайғылы оқиғалар көптеп кездесіті. Әлі есімде, сонау 1985 жылы біздің облыста дәрігер-хирург өз жұмысында өрескел қателікке жол берді. Ота жасау кезінде науқастың жағдайы асқыну салдарынан қайтыс болды. Бұл облыстық денсаулық сақтау басқармасының алқа жиналысында қаралып, дәрігер-хирургтің қателігі дәлелденді. Ол тиісті жазасын алды. Осыдан біршама уақыт бұрын бір жақынныңыз жол-көлік оқиғасы салдарынан мүгедек болып қалды. Ол Шымкенттегі “Ақ әулие” деген тәуіпке барып, емін алу барысында жүрек-қан тамырлары жетіспеушілігінен қайтыс болды. Тағы бір мысал келтірейін, осыдан 4 жыл бұрын Қызылорда қаласының бір емханасында ағзысын тазалап, салмақ тастау үшін ем алуға барған келіншектің асқазан жарасы ашылып, қан кетіп, қайтыс болды. Артында аңырап балалары, ата-аналары қалды. Мұндай оқиғаларды сұлулық салонында жүргізілетін емдеу шараларынан көптеп кездестіруге болады. Массажистің бір әжеміздің ұрышқ сүйегін сындырып алғанын да көрдік. Айта берсе мысал көп. Әсіресе, кейінгі жылдары мұндай қайғылы оқиғалар Қазақстанның өзге өңірлерінде, сондай-ақ Ресейде жиілеп кетті. Ол жерде зардап шеккендер заңға жүгініп, кінәлілер жазасын алып жатыр.

Біздегі жағдай басқаша. Ешкім заңға жүгінбейді. Шарасыздық танытады. Өншейін “Құдайдың ісі, қайтеміз енді” деп қоң салады. Ал заңға жүгінген адам кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тартады, кінәліден немесе клиникадан моральдық өтемақы алуға болатынын біле бермейді.

Міне, сот медицинасы және медициналық мәселелер бойынша заңгерлік қызмет осындай жағдайлардан сактандырады. Кінәлілерді жазаға тартуға көмектеседі. Сонымен бірге ол басқаларға сабақ болу үшін барынша маңызды.

– Мәселенің байыбына енді келген сыңайлымыз. Бұл орайда сіздің сот-медицинасы саласының білікті маманы ретінде және медициналық мәселелер бойынша заңгер ретінде қалайың жұртшылыққа көрсететін қызметіңіз қандай?

– Жағдайды байыптап, тәуелсіз сот-медициналық сарапшы ретінде және заңгерлік мамандығымды іске асыру мақсатында Түркістан, Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң-кеңесші палатасына тіркеліп, медициналық мәселелер бойынша заңгерлік қызмет көрсетуді бастадым. Әрине, жұмыс күрделі, бірақ бұл өмірлік қажеттіліктен туындаған.

Қазір жеке клиника көп. Халық солардың жарнамасына күмәнсіз сенеді. Жеке зертханалар, халық емшілері, сүлік салушылар өз бизнесін тоқтаусыз ашып жатыр. Сырттан келіп біреудің ғимаратын жалға алады. Бизнес жасайды, пайда табады. Олардың тиісті құжаттары болуы мүмкін. Алайда ем қаншалықты тиімді жүргізілді? Бұл сауалдың жауабы күмәнді.

Әрине, өмір біз ойлағаннан біршама күрделі. Көп нәрсені іс жүзінде дәлелдеу қиына түседі. Ол үшін табандылық, сонымен бірге біліктілік қажет. Осыдан екі жыл бұрын Атырау қаласының “Ана мен бала” орталығындағы шала туған нәрестенің өліміне байланысты бірнеше дәрігер бас бостандығынан айырылды. Бұл тартысты іс болды. Бірақ іске араласқан қорғаушылардың менің білуіме бірде-біреуінің медициналық жоғары білімі болмады. Осы саланың маманы ретінде нәресте өлімінің себебін, оның тірі немесе өлі, шала туу және ішкі ағзаларындағы жетіспеушіліктерді анықтауда көптеген факторлар нақты шешімші қалды-ау деген күмәнді ойлар мазалайды да тұрады. Осындай істе медициналық білімі бар заңгерге сұраныс туып тұрғандай.

Міне, осындай фактілерді ескере отырып, өмірлік тәжірибемді ізгілікті іске пайдалануға болатынын түсіндім. Заңгерлік кеңес беремін. Бірнеше сот процестеріне қатысып үлгердім. Алға қойған мақсаттарым үлкен.

ӘНГІМЕЛЕСКЕН
Жолдасбек АҚСАҚАЛҰОВ

АЗАТТЫҚ ТАРИХЫНЫҢ СЫРДАҒЫ СИПАТЫ

– Жыл сайын осы жерге зиярат етіп келеміз. Кезінде Абылайхан бабамыз Қожжан қожаны пір тұтқан екен. Сонымен бірге бұл жерде Омар, Тайшық, Ахмет аталарымыз жатыр. Ата-бабамыздан бізге жеткен ауызша дерек бойынша Сүнбейбі ана кесенесі – Кенесары ханның анасының жерленген жері. Кезекті бір сапарында атамыз Қасым сұлтан осы жерден өтіп бара жатқанда Сүнбейбі анамыз басына әкеледі дейді. Сонымен, ол кісі осы жерде қайтыс болып, жерленген екен. Сонымен қатар, осы маңайда Қасым көлі және Қасым түбегі деп аталатын жер бар. Өңірдің ғалымдары мен өлкетанушылары сол жерлердің тарихын зерттесе құба-құп болар еді, – дейді әулет ұрпағы Әуесхан Тайшыков.

Кенесары хан әулетінің шежіресінде (Әзімхан Кенесариннің отбасылық архивінен алынған) бәйбішесі Күнжиган ханымнан Жапар, Тайшық, Ахмет есімді үш ұл туғаны айтылады. Ал екінші әйелі Жаңыл ханымнан бес ұл туады: Кұмар (кейбір деректерде Омар), Әбубәкір, Қусман (Осман), Сыдық, Жақшы (Жегей). Үлкен ұлы Жапар Ресей империясы әскерлерімен болған соғыста тұтқынға түсіп, көп жыл айдауда болып, ақырында Бекет батырмен бірге тұтқыннан қашып келген екен. Елге келген соң көп кешікпей қайтыс болады. Кенесарының ұлы Сыдық (кейде Сызық) сұлтан (1839-1910) өзе жолын қуып, Ресей империясына қарсы күресті. Тайшық пен Ахмет сұлтандар амалсыз патша үкіметіне барып қызметке тұрады. Қоқандықтармен болған бір соғыста Тайшық сұлтан қатты жарақаттанып, қайтыс болады. Демек әлгі бізге сұхбат берген Әуесхан есімді жігіт – осы Тайшықтан тараған ұрпақ.

Осы сапар барысында бізді елең еткізген тағы бір жаңалық, Кенесары ханның жиен шөбересі, Қызылорда қаласының тұрғыны Халифа Әмірқызымен таныстық. Ол шежіре байлайша тарқатылады: Кенесары ханның 7 әйелінен 12 ұлы, бір қызы болады. Сол Мәмила есімді қызын Елекей сұлтанға ұзатады. Осылайша Әбілхайыр хан мен Абылай хан әулеті құда-жекежат болып байланысады. Білуімізше, Халифа Әмірқызы осы Елекей сұлтанның тараған, Кенесары ханның жиен шөбересі. Ата жолын ұстанған ұрпақтары Қожжан қожаның басына зиярат етіп, ата-бабаларына құран бағыштады.

Өзіміз куә болғандай, Қасым көлі сол манайдан алғаш емес. Сырдың баяу желімен толқи ағып жатқан көлдің суы тұп-тұнық, теренінде талай сыр бар тәрізді. Осы тұста өлкетанушы, Сырдария ауданы Бесарық ауылының тумасы Жұмабай Байзақұлы ағамыз әңгіме иінін байлайша тарқатты:

– «Азаттық жолымен» телескепедиясы арқылы ел тәуелсіздігі жолында күрескен Кенесары ханның тарихы мен оның Сыр өңіріне сапарын зерттеп, сондай-ақ, атақты Қожжан қожам мен Төре ұрпақтарының арасындағы байланысты тереңірек

1-бет

● ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨБЕ БИІ

Мен өз өмірімде алға бастайтын аға, жолға тастамайтын дос тапқанымды бақыт санадым. Айналымда жақсы адамдар жетеді, тек көре білу керек. Олар бізге әрқашан демеу, әмәңді тілекші.

1999-2004 жылдары маған Сырдария ауданын басқару міндеті жүктелді. Осы уақытта ерек ойлы, ерен бейнелі, жырғап сөз, құрақ ақыл айтудан ала, дұрысыңды құптап, бұрысыңды нықтап жүретін Сейтмұрат Ембергенов, Үрімстен Садықов, Абызбай Маханбетов, Мырзабек Оразаев, Ыбырай Сейфуллыев, Зинабдин Лекерев, Уәлибек Әбдуов, т.б. тамаша ағалар шоғырын жолықтырды. Солардың бірі де, бірегейі, күллі өмірін туған жерін тулетуге сарп еткен еңбек ардагері Ширек Ысқаков болды.

Әңгімеміз осы бір асыл адам жайлы болғандықтан оның өмір жолына бір шолу жасап өткеніміз жөн шығар.

Ширек ағамыз 1937 жылы дүниеге келген. Әкесі атын кітап ашып, Шырмазды деп қойтырты. Көпжамбарымен «Перзенттерді пайғам есіммен атаңдар» деген есебі, адамның тағдыры да сол есіміне қатысты өрбісе керек. «Шер» деген сөз – «арыстан», ал, оның екінші буыны «құдірет» мағынасын береді дейді, білімділер. Ағамыз өз өмірінде арыстандай азамат дәрежесіне көтеріліп, еңбеккер құдіретін танытқан адам бола білді. Кішікентай баланың атын қысқартып айтатын дәстүрмен жасынан Ширек болып аталып кеткен.

Әкесі соғыстан оралаймыд, анасы жетектеп жүріп, ер жеткізеді. Бала Ширек өресе есейіп, ескертермен қатар еңбек қамтынаа жетгіледі. Мектепте жақсы оқығандықтан «Ақжарма» колхозының кітапханашысы болады.

Кітапханашылық қызметін атқара жүріп, колхоздың қоғамдық жұмысына белсене араласады. Ұйымдастыру қабілеті, ақикатшылық тұрғысында көзге түсіп, ауыл комсомолдарының жетекшісі болып сайланады.

1964 жылы жастар жетекшісі

танып, білуге арқау болып отыр. Мысалы, Айдарлы мен Аманкелді ауылының ортасында орналасқан Қожжан қожа кесенесінің терең тарихы бар. Ол – Мұхаммед (с.ғ.с) ұрпақтарынан тарайтын, софылық ілімнің негізін салушы, Қожа Ахмет Ясауиден кейінгі Сыр өңіріндегі соңғы ғылыми дін таратушы Мәді қожаның ұрпағы.

Қожжан қожаның Төре тұқымымен байланысын айтар болсақ, осы кесененің алдында Сейіт қожа батыр жерленген. Сейіт қожа – сол заманда қалмақ басқыншылығына қарсы соғыста атағы шыққан айтулы батырдың бірі. Ол бір жорықта қалмақтарға тұтқиылдан шабуыл жасап, олжалы болып қайтады. Сонда қалмақ батыры Қалдан Сереннің туысы әрі оң қолы Хошу мергеннің екі қызын елге алып келеді де, бір қызы Топшыны Абылай ханға, екінші қызын Мүсірәлі Софы Әзизге сыйға тартады. Сол Топшыдан Қасым төре туса, Мүсірәліден Қосым қожа дүниеге келген екен. Демек қожа мен төре тұқымының арасын байланыстырған басты себеп осы. Енді екінші байланысын айтсақ, Қожжан қожаның тоғыз баласы болған, екінші баласы Заман терең білімді діндарлығымен қатар, аузымен құс тістеген дүлдүл ақын, жырау, әділ би әрі атақты ұста болған екен. Ол хан ордасының арнайы шақыртуымен барып, Абылай ханның арба үстіндегі көшпелі ордасын жасап береді. Сол уақытта Заман ақынның бойынан білімдарлықты, басқа да көптеген жақсы қасиетті байқаған Абылай хан оны Қасым сұлтанның тәлімгері етіп алады, яғни, Қасым төре оның тікелей шәкірті деуге болады.

Кешегі ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Кенесары хан Сыр еліне келген бір сапарында Қожжан қожаның шөбересі Нарбай батырдың білек күшін, бел күшін, жүрек күшін сынап, батырлығына тәңгі болған екен. Бұл – үшінші байланысы. Ал, Сыр бойында Қасым көлі, Қасым түбегінің аталып қалуы халықтың хан әулетіне деген құрметі болса керек. Келешекте бұл тарихи орындарлы қайта жаңғыртып, туристік мақсатта пайдаланса ғанибет болар еді, – дейді ол.

Айта кетейік, Қожжан қожа кесенесінің шырақшысы Ғарифолла Әбіасанов киелі орынды күтімге алып, саялы баққа айналдырған.

Экспедиция тобы Жалағаш ауданы орталығындағы тарихи-өлкетану музейінде болып, Бұқарбай батырға қатысты деректермен танысты. Айта кетейік, музейде Бұқарбай батырдың мөрі сақталған. Құнды жәдігерді батырдың 200 жылдық тойында ұрпақтары әкеліп табыс еткен. Бұл жерде Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Қабланбек Нұрмағанбетов батыр туралы әңгімелеп берді.

– Бұқарбай батыр жас кезінен қажыр-қайратымен көзге түскен. Қиян-кескі соғыс кезінде ат үстінде және жерде тұрып қолданатын он бес

түрлі тәсілді меңгерген екен. Сол 1820 жылдардың тұсында Сырдарияның төменгі жағындағы Қарабөгетті хиуалық билеушілер басып алып, жергілікті халыққа көп азар берген. Сонда Бұқарбай батыр Хиуаға қатысты Қожанияз қамалының маңына екі жүздей үйді көшіріп әкеледі. Сол үйлерден бас көтерер адамдарды жинап, Қарабөгетті бұзады. Бұл – батырдың алғашқы ерлігі еді. Осыдан кейін Бұқарбай батыр Ақтөбедегі Табынның аға сұлтаны Жанболатқа барып қосылады. Сол тұста Наурызбай төре Жанболаттың ордасын шауып, шайқаста Наурызбайдың 90 адамы мерт болады. Ашулы Наурызбай төре Жанболаттың туған бауырын өлтіреді. Жағдай ушыға түседі. Кенесары ханға хабар жетеді. Наурызбай төре мен Бұқарбай батыр осы кезде танысқан. Өз бетімен кетіп, әскерін қырғынға ұшыратқан Наурызбай Ке-несары ханның қаһарына ұшырауы мүмкін еді. Осы арада Бұқарбай батыр дәнекер болған деседі. Ханның ашуы басылған тұста Наурызбай төре «90 адамға татитын бір адам әкелдім» деген екен Бұқарбай батырды меңзеп. Осыдан әрі қарай Бұқарбай батыр он шақты жылға созылған жорықтарда Кенесары ханға адал қызмет етеді. Соның алғашқысы – 1840 жылы Наурызбай, Ағыбай, Бұқарбай батырлар орыстардың 500 адамнан құралған отрядын талқандап, жеңіске жеткен екен, – дейді Қ.Нұрмағанбетов. Осы сапарда өлкетанушылар Бұқарбай батырдың басына барып, зиярат етті.

«Азаттық жолы» атты музейлік тарихи-танымдық телескепедиялық топтың келесі күні Қармақшы ауданындағы Марал ишан Құрманұлы (1780-1847 жж.) және Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлының (1774-1860 жж.) ұлт-азаттық көтерілісегі батырлығы мен қайраткерлігін дәріптеуге бағытталды.

– Марал ишанның ерекше қасиеті туралы жасағаймыздан естіп, біліп өстік. Ол – тек діншіл адам емес, қоғам қайраткері, азаттық үшін күрескер, ұлт-азаттық қозғалыстың рухани көсемі. Ол туралы Сейтжан ақын, Балқы Базар, Тұрмағамбет шайыр жырларына арқау еткен. Марал ишан – діни білімдарлығымен үш жүзге тір болған екі адамның бірі. Оның бірі – Мүсірәлі Софы Әзиз болса, екіншісі – осы Марал ишан бабамыз.

XIX ғасырдың 30-жылдары Марал ишан қазақ халқын «Ғазауат» соғысына шақырған. Бұл қозғалыс елдің солтүстік өңірінің біраз жерін қамтыған деседі. Оның себебі, орыс патшалығы шекаралық аймақтарға бекіністер салып, сол жердегі тұрғылықты халықты еріксіз шоқындыра бастайды. Осы әділетсіздікке жан-тәнімен қарсы болған Марал баба патша үкіметіне қайта-қайта адам жіберіп, хат жазып, қазақ жерінде орыс бекіністерін салуға қарсылық білдіреді. Тіпті еш жауап ала алмаған соң әскер жинап, қарулы қарсылық білдіруге дейін барады.

Абылай хан өмірден өткен соң оның үлкен ұлы Ғұбайдолла таққа

отырады. Осы кезде Ресей империясы Көкшетау аймағына бекініс салуға келісім сұрайды. Бірақ ешқандай келісім ала алмайды. Кейіннен інісі Уәлихан таққа отырғанда орыс патшалығымен кейбір келісімдер жасалып, байланыс орнай бастады. Бұл уақытта яғни, 1822 жылы хандық жүйе жойылып, аға сұлтан дәрежесіне ауысқан еді. Бірақ Қасым төренің ұлы Кенесары батыр бастаған ұрпақтары бұған қарсы болады. Елдің тәуелсіздігін сақтап қалғысы келіп, бірнеше мәрте ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырады. Осындай жауапты кезеңде Марал ишан Кенесары батырдың рухани қолдаушысы болып, халықты соңынан ерте білген. Сонымен қатар, соғыс жағдайында халықтың күнкөрісін қамтамасыз ету үшін егіншілікпен айналысып, отырықшы тұрмысқа үйрету керектігі жөнінде де Марал ишан Кенесарыға ақыл-кеңес беріп отырған, – дейді қаламгер Шегебай Құндақбаев.

Сонау XVIII ғасырдың соңғы жылдарында өткен ұлт-азаттық қақтығыстар тұсында Хиуаның белгілі батырын жекпе-жекте өлтірген Жанқожа батырдың есімі ел аузына ерте ілінеді. Ел іргесіне жау шапқан бірнеше қақтығыстарда айыбы асып, атағы алысқа жеткен қазақ батыры аттан түспей, сол XIX ғасырдың бас кезінде Қокан, Хиуа, Ресей басқыншыларына қарсы сұрапыл шайқастарда қол бастаған.

Тақырыпқа қарай ойбассақ, Жанқожа батыр 1841 жылдың шамасында Кенесары ханмен тізе қосып, атақты Созақ қамалын қокандықтардың қолынан азат етуге қатысқан. Хан әскеріне он сегіз күн бойы алдырмаған бекіністі Кенесарының соңғы үміті – Жанқожа бастаған Шекті батырлары шеп бұзып алған дейді.

– Биылғы Кенесары Қасымұлының 220 жылдығы, Бұқарбай батыр Естекбайұлының 210 жылдығына орай облыстық тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған «Азаттық жолы» телескепедиясының маңызы – осынау тарихи тұлғалардың ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі байланысын зерттей келіп, Сыр бойына қатысты тарихи деректерді нақтылауға назар аударылып отыр. Сондай-ақ, олар жайлы тікелей ұрпақтарының айтқан естеліктері де біз үшін өте қажет, себебі, ауызекі айтылғанмен көзіміз жетпей жүрген кейбір мәліметтерді айғақтай түседі. Қорыта айтқанда, Кенесары ханның 220 жылдығы аясында хан әулеті пір тұтқан Қожжан қожа, Сүнбейбі ананың кесенелерін, Қасым көлі аумағын жаңғыртып, туристік бағытта дамытуға көңіл бөлнсе деген ойымыз бар, – дейді облыстық музей директоры С.Көсейібаев.

Осылайша екі күнге созылған «Азаттық жолы» атты музейлік тарихи-танымдық телескепедиялық жобасының аясында ұлт азаттығы жолында аянбай күрескен тарихи тұлғалардың батырлығын дәріптеп, жүріп өткен жолын, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып отырған қарым-қатынасын тереңірек тануға көңіл бөлінді.

©Эгелерге өкпе арта бергенше, откен-кеткен тарихымыздың өнегелі жақтарын жастарға жеткізіп, асыл қасиеттерін саналарына сіңіру жолдарын қарастырсақ – бізге лайығы сол болмақ» депті. Дәл осы сөздің көрінісі Ширек ағаның бойында атойлап тұратын. Ол біреуді даттамайды, сыртынан сөз жүгіртпейді, тірлікті түзеп, бірлікті бекемдеп жүреді. Бұл ағамыздың кейінгі жастарға бұрыңғылардың қасиеттерін бұзбай жеткізіп, болмысымен ұстаз болғаны анық.

2004 жылы Сырдария ауданы әкімі қызметінен Қызылордаға ауыстым. Қалалық жер қатынастары басқармасында басшы болдым. Сол уақытта, бір күні Ширек аға жанына Оразбай деген ауыл ақсақалын ертіп, менің жұмыс орныма келді. Тосын келіске қуандым, таңғалысым да бар еді. Бәлкім, бір бұйымтайы бар шығар дегенмін. Сонда аға сол сәлем беруге, бір жүзdesіп кетуге келгенін айтты.

Мұнан кейін оған жоғарырақ қызметке бардым. Аға тағы да келді. Тағы да сол, сәлем беруден басқа жұмысы жоқ екенін айтты.

Ширек ағаның мені іздеп келуі жана бастаған қызметтегі көңіл-күйіме серпін берді. Ел ағасы болсаң осындай бол деп, көп уақыт алғаусыз сезімнен арыла алмай жүрдім. Ауданға жасаған азғантай еңбегімді ұмтыпай, азаматтығыма берген бағасы деп білдім. Бүкіл ел сыйлаған ардақты адамның ойында одан басқа есеп жоқ екені де анық болатын.

Жақында Ширек ағаға сәлем берейік деп Сейітқали Алшыңбаев ініміз екеуміз Ақжарма арнайы бардық. Жолымызды екі жыл күллі елге келген кеселдің кесірі кес-кестеді. Енді ағаларымызды іздеп, сәлем берудің сәті түсті. Басқа жұмысымыз жоқ деп, ақсақалдың ризашылығын алдық.

Үйден ұзап шыға алмай қалыпты. Өң-жүзіндегі өнеге өрнегі қандай түсіпті. Алайда көзіндегі мейірім мен қолының ыстық табы сол баяғы күйі.

Әріп ҚОЖБАНОВ,
Сырдария ауданының құрметті азаматы



МЕРЕЙ

Тәуелсіз Қазақстанның оқу-ағарту саласында Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты Әліма Әбдіхалықованың есімі құрметпен аталады. Ұстаздардың ұстазы деп қадір тұтатын сырбойшылықтар оның әсіресе қоғамдық іске жанашырлығын жақсы біледі.

Қоғамдық іске жан-тәнімен беріліп, айналасындағы жұрттың, қаймана қазақтың игілігі үшін күн-түн демей, өзіне де, өзгеге де дамыл бермей жұмыс істейтін адамның бірі осы – Әліма Жақыпқызы. Оның «Бөбек» қорының Қызылорда облысындағы жұмысын сәтті үйлестіруі соның айқын дәлелі. «Харрикейн-Құмкөлмұнай» ААҚ-мен бірлесіп, Қазалыда «Шапағат» сауықтыру мекемесін, Жаңақорғанда «Бағғын» балалар бақшасын, Қызылордада Жасөспірімдер үйін, әйелдерге арналған «Рухани сауықтыру» («Адаптация») мекемесін ұйымдастыруы, 1999-2003 жылдары және 2007 жылы Қызылорда облыстық «Нұр Отан» партиясынан мәслихат депутаты болып сайлануы кезіндегі, т.б. шешімін тапқан мың сан шаруа мыңнан бір мысалдар ғана.

Қызылордадағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне директор болып тағайындалғанда Әліма Жақыпқызының жасы 28-де еді.

– Әлі есімде, ол кезде училище жабық зона болып есептелінетін. Республикалық статуска ие еді, Қазақ ССР ағарту министрлігіне тікелей қарайтын. Мұнда бөгде адамдар бейсауат бас сұқпайтын. 1952 жылы Алматы казак қыздар педагогикалық училищесі мен Қызылорда педагогикалық училищесі біріктіріліп, Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесі болып қайта құрылған еді. 1980 жылы директор болып келдім. Мен қабылдап алған сол жылдары училище үш мамандық бойынша мамандар даярлайтын. Араға 37 жыл салып, мамандықтың 30 түрін даярлайтын жоғары колледж деңгейінде тастырдым. Уақыт сұранысына сай қоғам игілігіне жұмыс істейтін болашақ мамандарды даярлау менің міндетім болды, жауапкершілігім де сол деңгейде көрінді, – дейді ол.

Пединститутты бітірген соң аудандық, облыстық комсомол ұйымдарында шыңдалып, іскерлігімен көзге түсті, педучилищеге директор болып келгенде ол өзінің білім беру саласындағы тәжірибесін байытуға, педагогикалық шеберлігін арттыруға күш салды. Сөй-

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы облыстық бюджеттің №019 бағдарламасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеу жөнінде 2022 жылға арналған конкурс өткізеді

Хабарландыру: Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы облыстық бюджеттің №019 бағдарламасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеу жөнінде 2022 жылға арналған конкурс өткізеді.

Конкурсдық құжаттар мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі и/з, № 212 кабинет.

Анықтама телефоны: 8(7242) 60-54-50.

Конкурс құжаттарын қабылдау және конкурс өткізетін мерзімі: – конкурс құжаттарын қабылдау мерзімі жергілікті басқаларда жарияланған күннен бастап 1 ай мерзімде.

Конкурс құжаттарын қабылдаған <http://www.e-kyzylorda.gov.kz> сайтынан немесе жоғарыда көрсетілген мекен-жайдан алуға болады.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы «11» қыркүйек №275 қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) АӨК және инновациялық жобаларды іріктеу дамуыту мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және оларды облыстық бюджет қаражаты есебінен енгізу мен тарату үшін Қызылорда облысының агроөнеркәсіп кешені (бұдан әрі – облыс АӨК) саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастырудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникана, технологиялық жабдымен, аспамен, аппараттық және бақа да ресурстармен қамтамасыз ететін ішкіне өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен қаржылар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы;

2) агроөнеркәсіптік кешені субъектілері – агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

3) бюджеттік бағдарламаларың әкімшісі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте облыстың АӨК инновациялық тәжірибесін тарату және енгізу бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ету жөніндегі функциялар жүзегенде жергілікті атқарушы оргн «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

4) инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті ескерте отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық қолданылатын, үлгідей-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде іс жүзінде асырылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі;

5) өтім – инвестициялық жобаларды іріктеп алу жөніндегі конкурса қағидаға берілетін белгіленген үлгідегі құжаттар пакеті;

6) өтініш беруші – инвестициялық жобаларды іріктеу жөніндегі конкурса қағидаға өтінім берген жеке немесе заңды тұлғалар.

2. Инновациялық жобаларды іріктеу шарттары

3. Инновациялық жобаларды іріктеу өтінім бергендер арасында жүзеге асырылады және агроөнеркәсіптік кешеннің мынадай салалық бағыттары бойынша жүргізіледі:

өсімдік шаруашылығы және егіншілік (оның ішінде өсімдіктерді қорғау және өсімдіктерді қарантину);

мал шаруашылығы және ветеринария;

ауыл шаруашылығын механикаландыру; ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу.

4. Қызылорда облысының жағдайында қолданылатын АӨК саласында қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктері (әзірлемелерді) енгізу мен таратуға өзіне төмендегінші қамттылы:

1) осы өңірдің табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қолданылатын АӨК субъектілерінде инновациялық агротехнологияларды енгізу мен таратуға беріледі;

2) ауыл шаруашылығын жүргізудің технологиялық әдістерін енгізу және тарату, ауылшаруашылық өнімін өндіру үдерістерін жетілдіру;

3) су ресурстарын тиімді жүргізудің технологиялық әдістерін енгізу және тарату;

4) облыстың АӨК жаңа машиналар және механизмдерді енгізу және пайдалану, инженерлік нысандардың немесе техникалық жүйенің конструкторияларын көбейту (конструкторлық жұмыстар);

5) ғылыми және инновациялық технологиялардың тәжірибелік үлгілерін (жаңадан жасалған қағидаттық өзгешеліктері бар бірегей моделдерді) енгізу және тарату;

6) Қызылорда облысының табиғи-климаттық, топырақ жағдайына бейімделген ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын

тіп ең алдымен сәтті қадамын оқытушылардың сабағына қатысудан бастады.

– Мен сіздерді тексерейін не болмаса сынайын деп жатқан жоқпын. Сіздердің сабақтарыңызға қатысу арқылы өзіме тәжірибе жинаймын. Осыған түсіністік танытсаңыздар, – деп айтуды да ұмытпады. Өйткені мұндағы мамандардың көбінің жасы үлкен еді және әрбірінің жеке амбициясы мен авторитеті жетіп-артылатын. Ұжымды қандай да бір іске жұдырықтай жұмылдырып, ауызбіршілікпен, берекелі басқаруда жас маманның ақылшысы, кеңесшісі әкесі Жақып ақсақал болды.

– Ең бірінші сабақ беретін барлық оқытушылардың сабағына қатысып шық, – деді әкесі. – Бұл сенің әрі қарайғы жү-



ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

мыс бағдарын айқындауына сеп болды.

Жақып Әбдіхалықов – Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі, Қазақ ССР-інің Еңбек сіңірген қызметкері, ауыр атлетикадан спорт шебері, соғыс ардагері. Кәсіптік-техникалық мектептерді басқару ісінде тәжірибесі мол әке қызына жай ғана ақыл айтып қойған жоқ, оның әрбір ісін сыртынан бақылап, шаруашылықты жүргізу ісіне теңдессіз ақылшы болды.

– Қызым, осы анау жатақханаңның жағдайына қарашы. Соның бір жақ бақырғасының жарылып тұрғаны маған ұнамайды. Құлайын деп тұрған сияқты ма, қалай өзі. Өрине сабағыңды қадағалаған дұрыс, бірақ директор ретінде осындағы бүкіл шаруашылыққа жауапты адам екеніңді ұмытпа, – деді әкем. – Сөйтсем әкем бір мезгіл педучилищенің айналасын көзбен шолып кетеді екен ғой.

Расында да жатақхана құлаудың аз-ақ алдында тұрған. Бұл сондай екі ғимарат емес, салынғанына он жылдай ғана уақыт болған, бірақ дәрежтана ылғалының әсерінен қыраттың тұтасты бір қабырғасы қақырап тұрған еді. Осы құрылысты талсырған мекеме еститіндей деңгейде мәселені көтерді, төтенше жағдай қауіп мен жатақханадағы 600 оқушының жағдайына алаңдаған басшылар артық сөзге келместен ғимараттың тұтас бір қабырғасын қабаттап қайта өргізіп берді.

әзірлеу, енгізу және тарату.

5. Жұмысты бағалау келесі іс-шараларды орындау бойынша жүзеге асырылады:

1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын (бұл әрі – ГЭК) оңтүстік және солтүстік өңірлердің, оның ішінде жергілікті үшін ғылыми шығын материалдарын саптан алуды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу жөнінде кеңес беру қызметтері;

2) облыстың АӨК субъектілерінің немесе ғылыми, тәжірибелік және өзге де атралық сала ұйымдарының өндірістік базасында «егістік күндері» ғылыми-практикалық семинар-кеңестерін өткізу;

3) ГЭКТЖ тәжірибесін және алынған нәтижелерін тарату (түсау кесер, брошюралар, буклеттер әзірлеу және шығару бейнематериалдарын дайындау);

3. Инновациялық жобаларды іріктеу тәртібі

6. Инновациялық жобаларды іріктеуді бюджеттік бағдарламаның әкімшісі конкурстың негізге жүргізеді.

7. Құрамдас ауыл шаруашылығына жетекшілік ететін облыс әкімінің орындары, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарының өкілдері, жергілікті өкілді органдар, ғылым және қоғамдық бірлестіктері енгізілген инновациялық жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) облыс әкімінің өкімімен құрылады.

Комиссияның жұмыс органы бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мерзімдік басымдыла және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде конкурс өткізуге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей конкурс өтетін туралы хабарландыруды орналастырады.

8. Алдағы конкурс туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) конкурса қатысуға өтінімді қабылдау мерзімі және орын;

2) конкурстың қатысушылардың берілген қатысулатын қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеу талаптары;

3) іріктеу жүргізілетін инновациялық жобалардың басым бағыттарының атаулары.

9. Өтініш беруші инновациялық жобаны енгізу жөніндегі өтінімді бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жарияланған хабарландыруда белгіленген мерзімде және осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысанда береді.

10. Өтініш беруші өтінімге, оның ажыратылмайтын бөлігі ретінде мынадай құжаттарды қоса береді:

1) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

2) осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсінірме жазба;

3) осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес өтініш берушімен әзірленген инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың шығыс сметасы;

4) атралық сипаттағы инновациялық технологияларды енгізу және тарату үшін қажетті ғылым-техникалық және материалдық-өндірістік базаға құқық белгіленіпін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) конкурстың қатысушы өтінімдерді қабылдау уақытының аяқталуынан алдындағы бір айдан бұрын емес берілген үш айдан астам (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ екені туралы мен бір теңгелік нем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің бар екені туралы тиісті салық органның белгіленген нысандағы анықтамасын түпнұсқасы;

6) өтінім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар өтінім берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банкетерді және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік-есеп шоттарының Үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманы түпнұсқасы (егер өтінім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарын, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктенді әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдау уақытының аяқталуының алдындағы бір айдың ішінде берілуі тиіс;

7) лицензиялардың не электрондық құжаттық қарағ көшірмесі түріндегі лицензияның және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, рұқсаттардың, өтінім берушінің атралық бейіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық басқарда жұмыстар орындауда біліктілік талаптарын растайтын сақала да құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

8) заңды тұлғалар үшін қосымша: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесін. Егер заңды тұлға қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгілік жарғының негізінде жүзеге асырған жағдайда, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

Ескерту: *Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

9) жеке тұлғалар үшін қосымша:

жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

11. Өтінім және қоса берілген құжаттардың тізбесі көрсетілме отырып, барлық құжаттар бір папкаға жинақталады, пақтары нөмірленіп, тігіліп, мөр басылып, осы Қағида мен оның қосымшаларының талаптарына сәйкес ресімделген болуы тиіс.

12. Өтінім беруші берілген құжаттарын, бастапқы мәліметтердің, есептеулердің, негіздемелердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

13. Өтінімдерді қабылдау мерзімі өткен соң бюджеттік бағдарламаның әкімшісі 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініштерді алдын ала іріктеу жұмысын жүргізеді.

Алдын ала іріктеу мына критерий бойынша жүргізіледі:

1) өтініш беруші материалдарының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі;

2) өектілігі және облыстағы АӨК дамуының басым бағыттарына сәйкестігі;

14. Өтінімдерді алдын ала іріктеуден өткен өтініш нелеріне, 3 (үш) жұмыс күні ішінде алдын ала іріктеу қорытындысы немесе көрсетілген себепке байланысты өтінімнің кері қайтарылуы туралы жазбаша түрде хабарланады.

15. Өтінім мына жағдайда кері қайтарылады:

1) өтініш беруші аппараттарды толық ұсынбаса немесе өтінім құжаттары осы Қағидалардың талаптарына сәй жасалмаса;

2) жоба іске асырылатын орын тиісті облыстан тыс жерге орналасқан жағдайда;

3) өтініш жасалған бюджеттік бағдарлама шаралары осы өңірдің АӨК дамытудың басым бағытына қатыссы болмаса;

4) өтініш беруші бұрын бюджеттік бағдарлама шеңберінде қаржы алып, бірақ бюджеттік бағдарламаның шараларын іске асыру барысы қанағаттанарлық емес деп танылса.

16. Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінімдер бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімшісі кешенді қорытынды шығарды, сосын ол Комиссияның қарауына беріледі. Комиссия өтінімдерді алдын ала іріктеуден өткен жобалар бойынша өтінімдерді кешенді бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Комиссия кешенді бағалауды мына өлшемдері бойынша жүргізеді: 1) жобаның инновациялық бағытталғандығы, техникалық жүзеге асырылу және оның облыстың АӨК-ге енгізу мен таратуға дайындық деңгейі;

2) инновациялық жоба қаржыландырының игерілуіне егжей-тегжейлі қурылған көрінісінің болуы және инновациялық жобаның облыс АӨК-де әрі қарай келешегі;

3) инновациялық жобаны орындау үшін жабдықтың, инфрақұрылымның және ресурстарының болуы;

4) инновациялық жобаның бәсекесі қабілеттілігі;

5) инновациялық жобаның экономикалық тиімділігі, дайындығы.

17. Өтінімді кешенді бағалау жүргізу барысында комиссия өтініш берушілерден түсініктеме беретін ақпарат сұратуға, бағалауды сапалы жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында қажет болған кезде тиісті біліктіліктегі басқа мамандарды тартуға құқылы. Өтінімдерді кешенді бағалау және іріктеу 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

18. Өтінімдерді қарау қорытындысы бойынша Комиссия инновациялық жобаның жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы ұсынымдар шығарады. Комиссия ұсынымдары комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

19. Комиссия отырыстары оның құрамының жалпы санының ескіден үш бөлігі қатысқанда заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Егер Комиссия мүшелерінің бір қабылданған шешіммен келіспесе және хаттамаға қол қоймаса, ол өзінің келіспеу себептерін жазбаша түрде баяндайды, ол Комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

20. Комиссияның ұсынымы негізінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі оның отырысының хаттамасына қол қойылған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарлама шеңберінде инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылданған сәттен бастап бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (жеті) жұмыс күні ішінде жоюға қорытынды бағалауды жетімдіз деп анықталған өтінім берушімен инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша шарт жасайды.

22. Инновациялық жобаны қаржыландыруға берілген бюджет қаражаты бекітілген шығындар сметасында қарастырылмаған максаттарға пайдаланылған жағдайда жергілікті бюджетке толық қайтаруға жатады.

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасына 1-қосымша

Нысан

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі өтінім

1.	Тіркеу нөмірі және күні (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметкерлері толтырады)
2.	Инновациялық жобаның атауы
3.	Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінде инновациялық тәжірибесін енгізу және тарату саласы (кіші саласы)
4.	Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі максаттарын және мінді, жоба нәтижелерінің нақты қолданылуын, осыған ұқсас жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесін көрсету)
5.	Жобаның ұзақтығы (айлармен есептенгенде)
6.	Жобаның басталу және аяқталу күні
7.	Сұратылған қаражат сомасы (тенге)
8.	Өтінім берушінің Т.А.Ә. немесе (атауы), мекен-жайы, телефоны/факсы, электрондық поштасының қаржылық болы



Қазыналы өнердің қамқоршысы

Облыстық С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында колөнерші, дизайнер, Қазақстан Колөнершілер одағының мүшесі Қарлығаш Ілиясованың «Қазақтың колөнері – Қарлығаштың төл өнері» атты шығармашылық кеші өтті.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Іс-шараға облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов қатысты. Мақсаты – колөнер шеберлерінің бұйымдарын көпшілікке кеңінен таныстыру, шығармашылық дамуына қолдау көрсетіп, өскелең ұрпақты колөнер кәсібiне баулу.

Белгілі колөнерші, дизайнер Қарлығаш Ілиясованың қанына сiнген қасиетi балаларына дарыған. Қазiргi заманғы зергерлiк өнер жұмыстарының көпшiлiгi әртүрлi техника көмегiмен жасалып жүр. Шеберлердiң қолынан шыққан бұйымдар – зергерлiк өнердiң құнды ескерткiштерi. Төл өнермен айналысып жүрген дизайнердiң ұлы Табиғат Бақытбекұлы Қы

зылордадағы бизнес және спорт басқармасының дизайнер мамандығын тәмамдаған соң, анасының жанында тігіншілікпен айналысқан. 2014 жылы Алматы қаласына барып, атақты зергер Серікқали Көкеновтен сабақ алып, бірнеше рет облыстық марапаттарға ие болған. Ал, қызы Альбина бас киімдер мен бешпенттерге әшекей тастарды жаппырып, бұйым жасайды. Негізгі ойы – жарасымды дәстүрлі жалғастыру.

– Халық колөнері – көнеңің көзі. Бұл саланы дамыту арқылы ескі технологияны сақтай отырып, жаңа үлгіде бұйымдар жасау – заман талабы. Өскелең ұрпақты адамгершілікке, патриоттыққа,



биіктікке тәрбиелеп жүрген Қарлығаш Серікбайқызының бұйымдары ерекше мәнге ие. Мұндай өнер туындыларын шыдамдылықты талап етіп, адамды шығармашылыққа, қиял әлеміне жетелейді. Осы орайда, қазақтың төл өнерін жаңартып, жаңғыртып жүрген дизайнерге сәттілік тілеймін, – деді облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов.

Мұнан соң басқарма басшысы облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұрттың Алғыс хатын табыс етті. Сондай-ақ,

автордың қолынан шыққан ұлттық киімдер топтамасы көрсетіліп, әнші Үміт Медеуова әннен шашу шашты. Айтулы іс-шараға республикамыздың түкпір-түкпірінен келген колөнер шеберлері қатысып, ой бөлісті. Жергілікті колөнер шебері Б.Жақыпов дизайнерге Қазақстан Колөнершілер одағының төрағасы А.Бекқұлованың құттықтауын табыстады.

Дизайнер Қарлығаш Ілиясова тағылымды іс-шараны ұйымдастырған ұжымға алғыс айтты.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Тіркелмеген 10 қару

Республика аумағында тұрғындардан заңсыз сақтаудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша кезекті акция өтеді.

Ақцияда қала тұрғындары өз еркімен тегіс ұнғылы, тіркелмеген 10 аңшы қаруын полиция басқармасына өткізді. Қазіргі уақытта аңшы мылтықтарына баллистикалық сараптама тағайындалып, оның нәтижелері бойынша ақшалай қаражат төлеу туралы шешім қабылдандуа.

Мұнай компаниясында жұмыс бар ма?

Бірнеше облыстың 16 тұрғыны алаяқтың құрбаны болғаны туралы Байқоныр қаласындағы ҚР ИІМ өкілігінде арыздалған. Наурыз-сәуір айларында екі азаматша WhatsApp мессенджері арқылы топ құрып, ақшалай сыйақымен «Атырау қаласындағы Тенгиз мұнай компаниясына жұмысқа тұрғызып береміз» деп сенімге кіру жолымен әрқайсысынан 150-200 мың теңге көлеміндегі қаржыны kaspi gold есеп шоттарына аудартып алған. Алайда, олар осы күнге дейін уәдесін орындамаған, ақшаларын да қайтармаған.

Жедел іздестіру шаралары барысында екі азаматша анықталып ұсталды. Олардың екеуі де облыс тұмасы болып шықты. Нақты кезеңде Қылмыстық кодекстің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Жол ережесін бұзған

Облыс көлемінде 10-30 мамыр аралығында «Заңсыз жолаушы тасымалдаушы» жедел профилактикалық іс-шарасы өтеді.

Екі күнде жол қозғалысы ережесін бұзған 38 дерек тіркелген. Оның ішінде тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысудың 4, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзудың 33 дерегі анықталды.

Ауласына 5 түп сора еккен

Облыстық полиция департаменті патрульдік полиция ротасының қызметкерлері «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық тас жолының Тасбөген кенті тұсында қызмет атқару барысында Арал ауданының 57 жастағы тұрғынының басқаруындағы «Lada-Kalina» автокөлігін жол ережесін бұзғаны үшін тоқтатқан.

Тексеру барысында жолаушыдан газет қиындысына оралған шөп ұнтақтары тәркіленіп, сараптамаға жолданды. Сараптама қорытындысына сәйкес тәркіленген зат кептірілген марихуана екені белгілі болды.

Сонымен қатар күдіктінің үйінің ауласында 5 түп сораны егіп баптағаны анықталды. Қазір Қылмыстық кодекстің 296-бабы 2-бөлігімен және 300-бабы 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

«СБ» ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«Автогаз Трэйд» ЖШС «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан-Ата көшесі, 186 мекенжайы бойынша орналасқан, СКГ автокөліктеріне май құюға арналған газ толтыру модулін орналастыру» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 31.05.2022 ж. бастап өтеді.

Қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады -https://ecoportal.kz/Discusion/DisPublic.

Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: «Автогаз Трэйд» ЖШС, БСН 141140004759.

ҚОҚБ әзірлеуші: «Nomad Eco» ЖШС, тел.: 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

*** «Автогаз Трэйд» ЖШС «Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Самара-Шымкент автожолы мекенжайы бойынша орналасқан, СКГ автокөліктеріне май құюға арналған газ толтыру модулін орналастыру» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 31.05.2022 ж. бастап өтеді.

Қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады -https://ecoportal.kz/Discusion/DisPublic.

Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: «Автогаз Трэйд» ЖШС, БСН 141140004759.

ҚОҚБ әзірлеуші: «Nomad Eco» ЖШС, тел.: 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

Иесіз ит қаптап барады

Қорғауға алу әлем елдерінде қандай?

Әлемнің кейбір елдерінде итерді қорғау мәселесіне басқаша көзқараспен қарайды. Олардың көзін жою қатыгездік деп бағаланады. Әлеуметтік желіде жарияланған кейбір бей-нематериалдарға дүниежүзіндегі жан-жануарларды қорғау ұйымдары қарсы шыққанын білеміз. Мамандар қадамдарға итерді жою барысында мұндай өрескел қадамдарға бармау қажеттігін еске салады. Шетелдік ұйымдар осыған қатысты біздің елімізге тиісті ұсыныс-пікірін білдірді. Осындай өтініштер негізінде елімізде тиісті шешімдер қабылданды. Ендігі кезекте тұрғындар өтініші бойынша көше бойында егесіз жүрген иттер арнайы орындарға жеткізіледі. Онда ауруға байланысты тазалығы тексеріледі. Егер ауру белгілері болса, көзі жойылады. Ал аурудан амандары мамандар бақылауына өтіп, қайта жіберіледі.

Кейбір дамыған елдерде олармен күресу бағытында арнайы ережелер қабылданған. Мәселен, 1822 жылдың өзінде Ұлыбританияда жануарларды қатыгездік және қысым көрсетуден сақтау мақсатында арнайы заң шығарылған. Мұндай жағдай Австрияда да қолға алынған.

Мысалы, АҚШ-та қанғыбас итерді қалағалау қағидасы 1976 жылы жасалып қойған. Бұл ереже барлық штатқа ортақ. Қараусыз қалған кез келген итті мамандар ұстап алып, арнайы белгіленген орынға жібереді. Тіпті, полиция офицерлері де көмекке келеді. Өйткені Америкада итті, жалпы жануарды қорлаған адам тергеуге алынады. Арнайы орынға жеткізілген итке қожайын қарастырылады. Ит асырау мәселесі де маңызды болып есептеледі.

Жан-жануарларға мұндай қамқорлық әлемнің көптеген елдерінде бар. Жапонияда 1965 жылы иттерге арналған орындар дайындалған. Алғашқы жылдардың өзінде онда 50 мыңнан астам ит күтімге алынған көрінеді.

Жаңа заң не дейді?

Рас, бізде адамдар тарапынан ит пен өзге де жануарларға шектен тыс қатыгездік жағдайы кездеседі. Мәселен, оларды көпе-көрінеу өртеп жіберу, көшеде көлікпен сүйреу секілді жағдайлар бар. Оны ешкім ақтап ала алмайды.

– Өткен жылдың 30 желтоқсанында ҚР «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңына қол қойылды. Осыған байланысты еліміздің Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан тиісті қағида бекітілуі қажет. Осының негізінде облыста «Үй жануарларын ұстау және серуендету», «Жануарларды аулау, уақытша ұстау және қансыздандыру» қағидалары бекітіледі. Быыл қала тұрғындарының өтініштері негізінде 1300-ге жуық қанғыбас ит ауланды. Заң күшіне енгеннен кейін мұндай әдіспен қанғыбас итерді аулауға тыйым салынды. Заңдылық бойынша еліміздің әрбір қаласында оған арналған арнайы орындар болуы қажет.

Қазіргі таңда оған қатысты тиісті жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен әзірге бізде осындай орындар мүлдем жоқ. Алдағы уақытта өз шешімін табады деген үміттеміз. Аталған орында иттер жан-жақты бақылаудан өткізіледі. Мамандар әрбірінші адам өміріне қауіпсіз емес екендігіне көзін жеткізеді.

1-бет

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» КММ ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 26 мамырдан бастап бірыңғай экологиялық порталда (бұдан әрі – портал) Eсоportal.kz) «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша жария талқылау нысанында «Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі «Шиелі» КС-220/35/10 кВ қайта жаңарту» жұмыс жобасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 8 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Карменов Избасханның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қазіргі сұрақ: «Қаншадан жинаймыз?»

Бұйрықта не делінгеніне тоқтайлық. Оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыруға және мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге оқушылар мен ата-аналардан, педагогтардан ақша жинауға қатаң тыйым салынған. Барлық білім бөлімдерінің басшылары мен мектеп директорларына мектеп бітіру кештері кезінде бітірушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жағдай жасалуын қамтамасыз ету, бітіру кештерін міндетті түрде мектеп қабырғасында және ауласында өткізу, шараға бітірушілердің мектеп формасымен қатысуы және барынша қарапайым өткізу тапсырылған. Үйде, ресторандарда, басқа да ойын-сауық орындарында мектеп бітіру кештерін өткізуге, автокөліктермен кортежге шығуға жол берілмейді. Бітірушілердің өмір қауіпсіздігі, құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу үшін медициналық, өрт қызметтері, ішкі істер органдарымен бірлесіп шаралар қабылдау керек. Мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру үшін ана-аналардан ақша жинауға, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар ұсынуға жол берілмейді. Іс-шараларды мектептің қолда бар мүмкіндігімен ұйымдастыру керек. Сондай-ақ, табиғат аясына серуендеуге, өзен-көлдерге, шағын су алаптарына суға түсуге тыйым салынған. Төтенше жағдай бөлімдерімен бірлесіп кезекшілік ұйымдастыру, бітірушілер, ата-аналар және педагогтар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп жүргізу тапсырылды.

Есесіне «Сонғы қоңырау» мерекесі аясында мектеп бітіруші түлектердің қайырымдылық істеріне қолдау көрсетіледі. Мәселен, «Мектепке кітап сыйла», ағаш егу, әлеуметтік әлсіз отбасы мен балаларға «Шын жүрекпен балаларға!», «Туған жерге тағзым», «Алғашқы ұстазыма алғыс» сымды білдіреміні» акцияларын ұйымдастыруға рұқсат.

Мұғалім мен ата-ана не дейді?

Мұғалім бұйрыққа бағынады. Басшылық тарапынан қаржы жинауға тыйым салынғанын айтады. Бірақ жылдағы бітіретін дау басылды ма? Жоқ, қайта өрішті кетті, арыз-шағым көп. 1200 орындық үлкен мектептерді кем дегенде 100 бала бітіретінін ескерсек, осынша ата-ананың арасынан қалтасынан шығатын шығын есебін сұрайтындар, келіспеушілер міндетті түрде шығады.

Өзіме етене жақын, баласы мектеп бітіретін бірді-екілі кісінің чаттарын қарап шықтым.

1-бет

 www.facebook.com/syrboyi.kz/		 https://twitter.com/syrboyi_kz		 www.instagram.com/syrboyi_kz			
Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 26086 Тапсырыс №791			
Кезекші редактор Гүлбану МАҚАЖАН							

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыда газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.